

Қошқарбаев Ерболат
Антропологияны түсінуге
арналған материалдар

Адам

Адам

- Адам туралы ғылымдар
- Антропология адам жайлы ғылымдар кешені ретінде
- Философиялық антропология адамды тұтастай қарастыруға талпынатын бағыт ретінде



АДАМ

- Адамдар әр түрлі:



Адам жайлы ғылымдар

- **Адам** мәселесі **сана** мәселесі сияқты философиядағы ең күрделі, сан салаға жайылған мәселе. Сондықтан ол сандаған ілімдермен кешенді түрде зерттеліп келеді.
- **Адам**ды **техникалық** ғылымдар (робот жасау, машина құрылысы т.б.), **жаратылыстану** ғылымдары (биология, анатомия, физиология т.б.), **нақты ғылымдар** (психиатрия, медицина т.б.) секілді **200-ден астам** ғылым түрлері әр қырынан зерттейді. Әрқайсысының өз **объектісі** мен **пәні** бар. Ал **гуманитарлық ғылымдар**дың дені **тұтастай** адамға арналған, олар адамның өзін, қасиеттерін, белгілерін, табиғатпен я болмаса әлеуметпен байланысы мен қатынастарын т.б. мәнділіктерді зерттейді.

Адам жайлы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар

- **Адам-қоғам** арақатынасын әлеуметтану,
- **адам-топ** мәселесін әлеуметтік психология,
- **адам-рух** мәселесін руханият ғылымдары,
- **адам-дін** мәселесін дінтану, теология,
- **адам-жан** мәселесін психология,
- **адам-табиғат** мәселесін экология, биология,
- **адам-ұлт** мәселесін этнопсихология, этнология, этнография,
- **адам-тіл** мәселесін лингвистика, филология,
- **адам-заң** мәселесін құқықтану,
- **адам-билік** мәселесін саясаттану,
- **адам-шаруашылық** мәселесін экономика *зерттейді.*
- Ал философия **адам-әлем** арақатынасын **қарастырады.**


Антропология адам жайлы негізгі ғылым

Antropologia

- Көптеген ғылымдар адамды әр қырынан зерттегенімен адамды басты объектісі еткен арнайы адам туралы ғылым – антропология қалыптасты. Дегенмен антропологияның өзі сандаған түрлерге бөлініп кетті.



Антропология түрлері



Антропология адам жайлы негізгі ғылым

физикалық антропология (биологиялық антропология), **адам антропогенезі, расогенезі** мен **морфологиясы** туралы ілім, өзінде **палеонтологияны** қамтиды;

әлеуметтік антропология **адамды** әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, **қоғамдық** тұрғыдан қарастырады;

этникалық антропология, **адамды** қандай да бір **ұлтқа, этносқа** қатыстылығы тұрғысынан зерттейді;

мәдени антропология, этнография мен этникалық антропология жетістіктері негізінде адамды **дәстүр, мәдениет, діл, өмір-салты** тұрғысынан қарастырады;

философиялық антропология, **адам** табиғатын тұтастай, оның болмыспен, дүниемен қатынасын қоса алғанда кең түрде зерттейді.

Осылайша, **антропология** жалпы адам туралы ілімдер кешені болса, (кешен - антропологияның жекелеген түрлерінен құралып отыр), **философиялық антропология** осылардың бәрінің басын біріктіретін интегративтік бағыт екен.

Антрополог ғалымдар

- Кешенді антропологияға қатысты айтсақ: **Ч.Дарвин** 1871 ж. «Адамның шығу тегі және жыныстық сұрыпталу» еңбегімен **эволюциялық** теорияны қалыптастырса, Ч.Дарвиннің теориясын қолдаушылар **Т.Хаксли, Э.Геккель** – адамның шығу тегінің **симиалдық** (лат., simia – маймыл) теориясының негізін салды.
- Бұл теорияға сәйкес зерттеулер мынаны көрсетті: Шимпанзе мен адамның – 91% гені ұқсас, гиббонмен – 76%, макака – резус – 60%; Ал **морфологиялық белгілері** бойынша ұқсастық: горилла – 385, шимпанзе – 369, орангутанг – 359, гиббон – 117; Брахиация – ағашқа шығу мен өрлеу.
- Философиялық антропологиямен айналысқандар: **Кант, Шелер, Плеснер, Гелен, Ротхакер, Хенгстенберг, Портман, Ландман** және т.б.
- Ғылыми антропологиямен айналысқандар – **К.Линней, Ж.Ламарк**, француз археологы **Б.Де Перт** т.б.
- Этникалық антропологияның мысалы ретінде **қазақтан** шыққан **тұңғыш** антрополог және еліміздегі **антропология** мектебінің негізін қалаушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты **Оразақ Смағұловты** айтамыз.

Антропология бастауы

- Жалпы алғанда антропологияның тарихы ежелден басталады. Ежелгі қытай философиясында, Антикалық философияда шашырыңқы болса да антропологиялық ойлар көптеп кездеседі. Ал барынша нақтылайтын болсақ антропология тарихы сонау XVI ғасырдан бастау алады. Бұл кезде 1501 жылы **Магнус Хундт** антропология ұғымын алғаш қолданса, 1533 жылы **Галеаццо Капелла** оны әрі қарай дамытады. Одан кейін жер жерлерде антропология бөлімдері, антропология кафедралары т.б. ашыла бастайды. Ал Кант философиялық антропологияны барынша негіздеді.

Кешенді антропология

- **Антропология** адамның пайда болуы мен тарихи даму эволюциясын зерттейді.
- **Антропология** (грек., antropos – адам, логос – ілім) – адамның шығу тегі мен эволюциясы туралы ілім.
- Антропология адамның шығу тегінің, эволюциясының **абиотикалық**, **биотикалық** және **әлеуметтік** факторларын зерттейді.
- **Антропогенез** – адам қалыптасуының эволюциялық процесі.
- **Антропосоциогенез** – адам мен **қоғам**ның шығу тегі.
- Бұл жерде антропогенез адамдардың шығу тегін зерттейтін антропологияның бір бөлігі болса, антропосоциогенез әлеуметтік себептерді анықтауды білдіреді.

Кешенді антропология

- Адам нәсілінің шығу тегінің екі гипотезасы қалыптасқан:
- **моногенетикалық гипотеза** – адам нәсілі бір атадан шыққан, яғни Homo sapiens кезеңінде қалыптаса бастаған;
- **полигенетикалық гипотеза** – адам нәсілі әртүрлі, бір-бірімен байланысы жоқ, әртүрлі материктерде өмір сүрген маймылдан шыққан.
- Ғылымда, Шығыс Африка – адамзаттың алғашқы отаны деген пікір бар.
- Маймылдың адамға айналуын қамтамасыз еткен негізгі алғышарттарды **гоминидтік триада** құрайды:

тік жүру

қолдың дамуы

мидың дамуы

Кешенді антропология


- Адамның **табиғи** (биологиялық) және **қоғамдық** (әлеуметтік) мәні:
- Адам «табиғи жаратылыстың дамуы» арқылы осы күнгі дәрежеге жетіп, күрделі феномен ретінде қалыптасты. Саналы адам (Homo sapiens) 50 мың жыл өмір сүріп келе жатқан болса, адамның жалпы тарихы шамамен 3-3,5 миллион жылдай болады.
- Ақылды адамның пайда болу **негізі** адамның еңбегі арқылы пайда болған **заттар** (жасанды табиғаттың) мен **тіл**дің пайда болуында.
- **Еңбек, сана, ойлау** және **тіл** - бір-бірімен тікелей байланысып жатқан **процесс**.
- **Мәдениет** жоқ жерде - жетілген **қоғам** жоқ, қоғамсыз - жетілген **адам** жоқ.

Кешенді антропология

- Антропогенездің негізгі кезеңдері:
- Кайнозой дәуірі (67 млн. жыл бұрын – қазіргі заман) бірнеше кезеңдерге бөлінеді:
- Палеогендік (67 млн. – 27 млн жыл бұрын): палеоцен (67 – 54 млн.), эоцен (54 – 38 млн.), олигоцен (38 – 27 млн. жыл бұрын);
- Неогендік (27 – 3 млн бұрын): миоцен (27 – 8 млн.), плиоцен (8 – 3 млн);
- Ширектік (3 млн. бұрын – қазіргі заман): плейстоцен (3 млн – 20 мың жыл бұрын), голоцен (20 мың жыл – қазіргі заман).
- Оligоцен дәуірінде (30 млн. жыл бұрын) ежелгі приматтар, ағаштық антропоморфтық маймылдар – дропиктер өмір сүрді.
- Неоген дәуірінде рамапитектер (14 – 6 млн. жыл бұрын) Африка мен Үндістанда, кениапитектер (14 – 12 млн. жыл бұрын), австралопитек (лат., australis – оңтүстік, грек., pithekos – маймыл) – 9 – 2,5 млн. жыл бұрын өмір сүрді.

Кешенді антропология

- Адамдар эволюциясы:
- **Homo habiles** – епті, шебер адам, 2 – 3 млн. жыл бұрын Олдувайлық шатқалда (Танзания) тіршілік етті. Homo habiles австралопитек пен архантроптың (питекантроп пен синантроп) аралығында тұрды;
- **Homo erectus** – тік жүретін адам, 1 млн жыл бұрын. Питекантроп (pithekos – маймыл, antropos – адам), синантроп (лат., Sina – Қытай). Бірлесіп аң аулау, отты пайдалану, дыбыс шығару, көмейдің жетілуі;
- **Homo neandertalensis** – неандерталдық (1856 жылы – Германияда) адам немесе палеантроп, 250 мың жыл бұрын. От, аңшылық, отырықшылдық, үңгірде өмір сүрген, теріні пайдаланған; тамақ әзірлей бастаған, 60 -қа жуық еңбек құралын пайдаланған;
- **Homo sapiens** неантроп, саналы адам 150 – 100 мың жыл бұрын (1868ж. Франциядағы Кро-Маньон үңгірінде табылған – **кроманьон** – саналы адам). Кейінгі 40 мың жыл бойында адам миы құрылымдық жағынан өзгерген жоқ делінеді, оның көлемі – 1300 – 1400 см³;



Кешенді антропология

Хоминидтер :
Әлі де зерттеліп бітпеген
көптеген австралопитек,
парантроп, архантроп,
палеоантроп, неоантроптар
қатарында басқа да **homo**
тектес гоминидтер бар:
Homo rudolfensis,
Homo ergaster,
Homo faber,
Homo sediba,
Homo gautengensis,
Homo microcranous,
Homo kenyaensis,
Homo okotensis,
Homo leakeyi,
Homo georgicus,
Australopithecus sediba,
Australopithecus afarensis,
Australopithecus africanus,
Australopithecus sediba
және т.б.

Адам мәні, оның шығу тегі туралы негізгі көзқарастар:

көзқарастар:

космоцентрлік (табиғаттан туындаған, ғарыштан келген);

теоцентрлік (Құдай жаратқан);

социоцентрлік (әлеуметтік, қоғам дамуымен қалыптасқан);

антропоцентрлік (эволюциялық бейімделумен жетілген).

Адам мәні

- «Адам»– адам баласына тән жалпы қасиеттердің жиынтығын білдіретін түсінік. Адамың әлемде алатын орны ерекше. Адам жаратылыстың, табиғаттың туындысы және әлеуметтік феномен. Ол табиғат жасамаған заттар мен құбылыстарды өз қолымен, ақылымен жасайды.
- Егер адамның биологиялық және әлеуметтік қырларының бірінші жағы абсолюттендірілсе, онда ол **биологизаторлық** (дарвинизм, расизм) деп аталады, ал, екінші жағы абсолюттендірілсе **социологизаторлық** делінеді. Дұрысында бұл екі жақ та диалектикалық бірлікте болуы тиіс.
- Адамның мінез-құлқын ретке салып отыратын табиғаттан тыс жүйе-**мәдениет** болып табылады. Ал ол биологизаторлық пен социологизаторлық шеңберіне сыймай, адамның рухани мәніне жақындайды. Ал бұлардың ешқайсысына да сыймайтын мәнділік адамның материалдық екені тағы айшықталады. Осылайша, адамды былайша өрнектейміз:
- Адам = Биологиялық + Әлеуметтік + Рухани + Материалдық тіршілік иесі
- Бұл жерде, биологиялық – табиғи, өткінші екені, әлеуметтік – қоғамдық екені, рухани – эмоция, көңіл күй, сезімдік, психологиялық тіршілік иесі екені, материалдық – киімі, қалтасы, сөмкесі, ақшасы, картасы, заты, меншігі, кітабы, құралдары т.б. бар екені

Дін адам жайлы

- Діни ұғымдар бойынша дүние адам үшін жаралған, өмір адамға, өмір адам үшін. Мысалы, христиандық бойынша **адамның азап шегуі, оның бұрынғы ең бастапқы күнәсі үшін тартатын жазасы** дейді. Одан құтылудың жалғыз жолы - Құдайға құлшылық етіп, табыну деп уағыздайды.

- Адамға қатысты исламда былай делінген:

Расында адамды нағыз балшықтан жараттық (23, 12);

Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық (23, 13)

Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс қып жан салдық. Жаратушылардың шебері Ұлы Алла (23, 14).

Құран Кәрім «Мүминун» (23) сүресінің, 12, 13, 14 – аяттары.

Салыстырмалы сипаты

- Егер жалпы антропология кешенді ілім ретінде – адамның шығу тегін сонау кезден бастап қарастырып, зерделесе, философиялық антропология ашықтық, бастамашылық, ізеттілік, өмірді, табиғатты, мәдениетті сақтауға жауапкершілік, сондай-ақ адамның өзіне қатысты адамгершілік міндеттері секілді жеке қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Философиялық антропология

- Қайта өрлеу дәуірінен мәдениет пен қоғамдық өмірдің әр саласында назарға іліккен адам мәселесі философияда өз дамуын жалғастырады. 18 ғасырда **Кант** негізгі төрт сұрағының бірін: «Адам деген не?» деп көрсетіп антропологиялық жетістіктерге жетеді, философия мен ғылымға антропология ұғымын енгізеді.
- Ал 20 ғасырдың 20 жылдары **Шелер**, **Плеснер**, **Гелен** философиялық антропологияны арнайы бағыт ретінде қалыптастырады.
- Осылайша, **Философиялық антропология** – кең мағынада - **адам табиғаты** мен **мәні** туралы ілім, ал тар мағынада – ХХ ғ. батыс философиясындағы ағым.

Философиялық антропология

- Философиялық антропология антропологиялық кешенді тұтас саралай отырып, сондай-ақ жеке ішкі рефлексиясы негізінде адамның болмысын, шығармашылық бастауларын, саналы тіршілік иесі ретіндегі сипатын, адамның: адамдық, кісілік, тұлғалық мәнін, өмірінің мәнін, бостандығы мен еркіндігі мәселелерін, биологиялық, әлеуметтік, рухани тіршілік иесі ретіндегі ерекшелігін қарастырады.
- Бұл мәселелердің маңызды екені сонша, тіпті философиялық антропология аясынан шығып «өмір», «өлім» «өмірдің мәні», «еркіндік» секілді жеке тақырыптарға ұласып кеткен.

Философиядағы адам проблемасы

- Философияның орталық проблемасы адам болып табылады.
- Философияда адам туралы ілімді «адам философиясы» немесе «философиялық антропология» деп атайды.
- Адам мәселесі, адам генезисі, мәні табиғаттағы орны және қоғамдық өмірдегі рөлі мәселелері фундаменталдық философиялық тақырыптардың бірі болып табылады.
- Философия пайда болғаннан қазіргі уақытқа дейін адам оның басты назарында болып келсе, басқа ғылымдар үшін де бүгінгі күндері адам әрекетінің әр түрлі қырларын зерттеу негізгі мақсаттардың бірінен саналады. Оған алдыңғы слайдтағыдай көптеген ғылыми салалар дәлел.

Философиялық антропология арнайы бағыт ретінде

- Шелер, Плеснер –арнайы, жеке ғылымдар – биология, психология, әлеуметтану негізінде адам туралы «біртұтас, бір ұғым» қалыптастыру мақсатында «философиялық антропология» бағытын құрды.
- Кейінгі слайдтарда бұған тағы тоқталамыз


Адам проблемасы

- **Антропосоциогенезде** де, **Адам**ның философиялық концепциясында да адам қалыптасуының факторлары бірдей көрсетіледі. Олар:

еңбек, практика, сана, тіл, ұжымдасу

- **Адам**ның тіршілігін, құндылығы мен мәнін анықтауға деген талпыныстар мен ұмтылыстар мыңдаған жылдар толастамай келеді. Олардың негізінде **идеалды адам** секілді концепциялар туындап, философияда гуманистік дәстүр пайда болды.

Адам туралы ойлар

- Философиялық әдебиетте адам баласының басқа тіршілік иелерінен ерекшелігі ретінде, оның саналы екені, мәдени сипаты, жасампаздығы, еркін екені, моральдық тіршілік иесі екені, қоғамдық, саяси мәні баса көрсетіледі. Адам туралы ойлар, идеялар, көзқарастар әр дәуірде әрқалай өрбіген 

Ежелгі Үндіде

- Адам туралы алғашқы идеялар ежелгі Шығыста пайда болды.
- Ежелгі Үнді философиясында **адам** әлемдік жанның бір бөлігі болып түсінілді.
- Жанның бірінен екіншісіне көшуі туралы ілімде, тіршілік иелері (өсімдіктер, жануарлар, адамдар) мен Құдай арасында өтуге болатын **жылжымалы шекара** бар. Шекарадан өтіп адамның келесі тіршілікте жануар не өсімдік болуы да ғажап емес. Сондықтан адамның мәні бұл философияда асқақ болып көрсетілмейді. Тек маңыздысы – тек адамда ғана бостандыққа ұмтылу бар екені негізделеді. Оған жету үшін құштарлықтан құтылу, болмыстың эмпирикалық жолы, сансара-карма заңдарын білу қажет.

Ежелгі Қытайда

- Ежелгі Қытай философиясында адамға қатысты **Конфуций** тұжырымын, ондағы «**аспан**» концепциясын (**тянь**), «**адамгершілік**» ілімін (**жэнь**) алсақ болады. Оған сәйкес, **әлем** мен **адам** дамуын анықтайтын тек табиғат бөлігі ғана емес, жоғарғы **рухани күш**. **Конфуций** тұжырымындағы негізгі мұрат «*идеалды адам*», «*қайырымды ер*» деңгейіне жету. Оған этикалық принциптерді сақтаумен жетеді. Мысалы, «*өзіңе қаламағанды өзгеге жасама*» қағидасы, көркем мінез, «**сяо**» заңдылығын ұстану (балалардың ата-анасы мен үлкендерді сыйлауы), этикет, әділдік принциптерін ұстану және т.б.

Антикада

- **Антикалық дәуірде** адамды – **микросм**, «кіші дүние», жан мен тән бірлігі, **макросм** бейнесі деген.
- Ежелгі грек философиясында **адам** бастапқыда өз-өзінен өмір сүрмейді, тек абсолюттік **тәртіп** және **ғарыш** ретінде қабылданатын белгілі бір **қатынастар жүйесінде** өмір сүреді деп көзделген. Өзінің барлық табиғи және әлеуметтік ортасымен, көршілерімен, полиспен, жанды және жансыз заттармен, жануарлармен, құдайлармен бірге ол **біртұтас, ажырамас әлемде** өмір сүреді. **Ғарыш** түсінігінің өзі мұнда адамдық мәнге ие болады, сонымен қатар адам **тірі ағза** ретінде, **макросмос** ретінде, **ғарыштың бір бөлігі** ретінде пайымдалады.

Антикада

- Адам туралы мәселені алғашқы рет **Сократ** қойды. Ол рационалдық этиканың негізін қалап, адамның ішкі дүниесін, оның жаны мен ізгілікті ісін түсінуді ұсынды. «Ізгілік» дегеніміз – білім, «Жақсылық пен әділдікті танып-білген адам жамандық пен әділетсіздіктен аулақ болады», - дейді.
- **Платон** бойынша, **адам өмірінің мәңгі трагизмі жанның тұтастығында және жан мен тәннің қарама-қарсылығында.**
- **Платон** ілімі бойынша адамда **мәңгілік жан** мен **өткінші дене** қосылады. **Жан** - денесіз **идея әлеміне жатады.** Адам болса, **дербес рухтың сақтаушысы.**

АДАМ = МӘҢГІЛІК ЖАН + ӨТКІНШІ ДЕНЕ

Антикада

- **Аристотель** концепциясында **адам қоғамдық, мемлекеттік, саяси** деп қарастырылады. Және адамның бұл әлеуметтік табиғаты оны **жануарлардан** да, «адамгершілік тұрғыда **жетілмегендерден**» де, «**жоғарғы адамнан**» да ерекшелендіреді.
- **Аристотель** адамды – құдай деді. Бірақ «өлетін құдай» деп түсінеді. Адамның биік мақсаты — бақыт дейді. Бақыт пен жоғары игілік адамға тән, ол оған **толық жетілуге ұмтылу** жағдайында, яғни **белсенділік**тің арқасында жетеді. Демек, жай ғана өмір сүрумен тынбау керек, себебі **өсімдіктер де тіршілік етеді**, ал сана белсенділігі — адамға тән мақсат. **Материалдық игіліктерден бақыт** келмейді, дегенмен **материалдық игіліктердің** жоқтығынан да **бақыт** қонбайды, олардың болмауы бақыттың беделін әбден түсіруі мүмкін.

Антикада

- Аристотель «Адам ақылы бар қоғамдық хайуан», - деді. Құлдарды адам санатына жатқызбай, «сөйлей алатын жануар» деді. Құл иесі құлға қайырымды бола алмайды. Сол сияқты әкесінің баласына қайырымды болуы міндетті емес, өйткені ол оның меншігі болып есептелінеді, ал баланың әкеге қайырымды болуы міндетті, себебі әкесіз бала дүниеге келмейді.

Антикада

- **Демокрит** – адам туралы ілімдегі материалистік монизмнің өкілі. Оның ойынша, **адам – табиғаттың бөлігі, табиғат сияқты ол да атомдардан тұрады**. Адамның **жаны** да атомдардан құралады. Тәннің өлуімен бірге жан да жойылады. Оның айтуынша өмірдің мақсаты – **бақыт**, бірақ ол тәннің ләззат алуы мен өзімшілдік емес. **Бақыт** – бұл ең алдымен **рухтың қуанышты және жақсы көңіл күйде болуы**. Оның маңызды алғышары – **ақыл-ой**.

Ортағасырларда

- Ортағасырлық христиандық көзқарас бойынша адам – Құдай бейнесі, адам дүниесі – ақыл, жүрек және ерік бірлігі.
- Ортағасырларда адам ең алдымен құдай бекіткен әлемдік тәртіптің бөлігі ретінде қарастырылады. Ортағасырлық христиандық философияның көрнекті өкілі Аврелий Августиннің пікірінше, адам-бір-біріне тәуелсіз жан мен тәннің қарама-қайшылығы. Алайда, тек жан ғана адамды адам ете алады.
- Ортағасырлық томизм ілімінде игілікті кез келген адамның өз табиғаты тұрғысынан іздеуі дұрыстығы айтылды: еркек пен әйелдің одағы, бала өсіріп-тәрбиелеу — игілік, өйткені табиғат заңдылығын солай. Рационалды тіршілік иесі ретінде адам маңдайына қауымдастықта өмір сүріп, ақиқатқа ұмтылу жазылған.

Ортағасырларда

- Христиан дінінде адам ұғымы, Құдай бейнесінде қаралады. Адамды бағалауда **ақыл-ой** емес, **жүрек** негіз болады. Жүрек Көне өсиетте (Ветхий завет) - 851 рет қайталаанады.
- **Фома Аквинский**: **Адам** - **дене** мен **жанның** бірлігі. Хайуан мен періштенің аралығындағы нәрсе. **Жан** мәңгілік өлмейтін жақсылық сәулесі. Адам денесі - құмарлық пен ынтызарлықтың, жын-шайтанның ұясы.
- **әл-Фараби**: **бақыт** - әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік. Адамда сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін **үш** түрлі тамаша табиғи қабілет болады деген, олар:
ерекше денесі,
жан құмарлықтары,
ой-парасаты.
- **Әл-Кинди**: адамның өзі де, ақыл-ойы да субстанция, -дейді.

Қайта Өрлеу дәуірінде

- **Ренессанс** философиясында **адам** – гармониялық автономды, дербес тірі бүтіндік, бітімді пенде;
- **Адам** өзін-өзі билеу еркі, мақсаты бар тіршілік иесі ретінде қабылданды. Ол өзінің көптеген эстетикалық қасиеттеріне байланысты сезімтал дене иесі.
- Ренессанс дәуірінің (XV—XVI ғғ.) гуманистік қозғалысында ізгіліктің тағдырдан биік тұратыны тұжырымдалады.
- «**Адам өліп, шіріп кету үшін емес, өндіру үшін туады. Адам далақтап бос жүру үшін емес, өзі қуана алатындай ұлы және даңқты істерге ұмтылу үшін, сондай-ақ жетілген қайырымдылығын пайдаланып, бақыт табу үшін туады. Жеңілгісі келмейтін адам жеңіске тез жетеді. Тағдыр тәлкегіне тек бағынуға дағдыланғандар ғана төзеді**» (Гуманист, философ, математик, сәулетші **Л. Альберти**).

Қайта Өрлеу дәуірінде

- Ренессанс дәуірінде адамды «**табиғат кереметі**» деп есептеді.
- **Ф. Бэкон, Р. Декарт, Б. Спиноза** адам бақыты оның өз қолында деді.
- Ренессанс дәуірінде **гуманизм**мен қатар, **индивидуализм** пайда болды. Индивидуалист өмірдің мақсаты тіршіліктің өзінде деп білді, яғни, тірлік мәні – өмірдегі рахаттың бәрін көру. Дегенмен бұның кейіннен эгоизм мен эгоцентризмге («эго» - мен), сосын анархизмге, нигилизмге апаратыны айтылды.
- Қайта өрлеу дәуірі теоцентризмге қарсы **антропоцентризм**ді әкелді. Онда тіршіліктің мәні мен мақсаты **жердегі дүниені рационалады тану негізінде бақыт пен шаттыққа жету мүмкіндігі** деп түсіндіріледі.

Жаңа заманда

- Жаңа замандағы философиялық антропология капиталистік қатынастардың, гуманизм деп аталатын жаңа мәдениет пен ғылыми білімнің ықпалымен қалыптасты. Бұл дәуірінің философиясы **адамды жерге түсіріп**, оның мәселесін **осында - жерде** шешуге тырысады. Адамның әуел бастағы күнәхарлығы туралы ілімге қарсы, ол адамның қайырымдылыққа, бақытқа және үйлесімділікке табиғи ұмтылысын бекітеді. Бұл философияға гуманизм мен антропоцентризм тұтастай тән.

Жаңа заманда

- Жаңа Заман философтары: адам Құдайдан да, басқадан да тәуелсіз, ол тапқыр да белсенді жасампаз тағдыр иесі, **өз өмірінің жасаушысы**, саналы субъектісі. Адамның **ерекшелігі** де, **рухани күйі** де оның **ақыл-ойында**, **ойлау қабілетінде**, - деді. Декарт: ойлауды адамның өмір сүруінің нақты куәсі дейді. «**Мен ойлай аламын, олай болса өмір сүремін**». Адам - ақыл-ойы бар тіршілік иесі. Дене мен жанның арасында ортақтық жоқ. Дене белгісіздікте болса, жан ойлайды, жанның айқын маңызы – сана, ақыл-ой».
- Декарт: Адам – ақыл иесі. Тән – созылымды, жан ойлайды. Жанның айғақ мазмұны – сана. Ойлау – айқындық, сенімділік, - деді.

Кейінгілер

- Ж.Ламетридің «Адам- машина» деп аталатын жұмысында **механистік материализм** көзқарасы негізделді. Ол бойынша, тек біртұтас материалдық субстанция ғана өмір сүреді, ал адам ағзасы сағат тетігі тәрізді дербес аталатын машина.
- Неміс романтизмінің (XVII-XIX ғғ. басында) өкілдері **Гете** мен **Гердер**, кей жағдайда қайта өрлеу дәуіріне оралып, ойлауды шектеп, адамның **сезімдік** саласын одан жоғары қояды. **Новалистің** (неміс ақыны, философы) пікірінше, **ойлау** - тек қана **сезімдік түс**.
- «**Адамдық қасиет** оған тек туғанда берілген **ерекшеліктерімен** емес, оның өзі жасаған **құндылықтарымен өлшенеді**» деп жазды **Гете**.
- **Гете** «Фауст» шығармасында өз кейіпкері – қарт ғалым докторының жасы ұлғайған шағында «ұмтылу-іс, еңбек» деген тұжырымға тоқтап, өзің үшін емес, өзгелер үшін, бостандық пен халық игілігі жолында өмір сүру қажеттігін түсінгенін айтады.

Иммануил Кант

- **Иммануил Кант** (1724-1804) философия тарихында «**антропология**» терминін енгізді.
- Ол адам мәселесін екіжақты қарады: **біріншіден**, ол **табиғат әлемі** мен **табиғи қажеттілікке** тәуелді болса, **екіншіден**, адам **еркіндік әлемі** ретінде қаралды. «**Адамның барлық іс-қимылының басқа біреудің еркіне бағынышты болуынан асқан сорақы сұмдық мүмкін емес**», - деді.
- **Кант**: **Адам** биологиялық тұрғыда – **құбылыс**, ал **әдептілік (мораль) мағынада** – «**өзіндік зат**». **Адам** трансценденталдылық пен мінез-құлық, әдептілік еркіндігінің бірлігі деді.

Иммануил Кант

- Философ антропологияны **физиологиялық** және **прагматикалық** деп екіге бөлді.
- **Физиологиялық** антропология адамның қалай пайда болып, дамитынын, яғни **табиғи алғышарттарын** зерттейді.
- Ал **прагматикалық** антропология, яғни адамтану адамды еркін әрекет ететін жан ретінде қарастырып, өзіндік күштерінің көмегімен адам кімге айналатынын жан-жақты талдайды, - деп көрсетті.
- **Кант** өзіне дейінгі рационалистер мен эмпириктердің біржақтылығын жеңе отырып, таным процесіндегі **адам қабілетін үшке** бөледі:
- **сезімділік, пайымдаушылық, парасаттылық**. Оның пікірінше, **математика сезімділікке, жаратылыстану пайымдауға, философия парасатқа** сүйенеді.
- Осылайша, адам **бір жағынан табиғи қажеттілікке** жатса, **екінші жағынан** адамгершілік еркіндік пен абсолюттік құндылықтарға жатады. **Сезімдік әлемнің құрамдас бөлігі ретінде ол қажеттілікке бағынса, ал руханилықтың тасымалдаушысы ретінде ерікті.**

Иммануил Кант

- **Кант** адамды автономды және тәуелсіз **бастау** ретінде, өзінің теориялық, практикалық әрекетінің **қожайыны** ретінде айқындауға ұмтылады.
- Адам әрекеті мен қылығының түпкі принципі категориялық императив болуы тиіс.
- **Категориялық императив** – кез келген тұлғаның өзіндік мақсаты өзіндік жетілу болғандықтан, ол ешқашан да, қандайда бір міндеттердің, тіпті игілікті міндеттердің де жүзеге асу құралы ретінде қарастырылмауы тиіс деген тұжырымға негізделген формальды ішкі талап.

Гегель

- **Гегель:** **Адамның** тарихилығы идеясында: **Адам** – жалпымәнділік рухты **сақтаушы**, рухани әрекет **субъектісі**, мәдениет дүниесін **жасаушы**, ақыл-ойдың **тасымалдаушысы** деді.
- **Адамның** жануардан артықшылығының өзі, ең алдымен адамзатқа оның адамдығы туралы хабар беретін ойлауында. Тұлға индивидпен салыстырғанда адам өзінің “шексіз, жалпы және еркін” жан екендігін сезінгенде ғана басталады.
- **Гегель:** «**адам – тарихи тіршілік иесі**» – деген идеяны дамытты.

Маркс, Энгельс

- **Маркс** адамды түсінуде ең алдымен еңбек әрекетін алға тартады. Қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды. Қоғам тұлғаның қасиеттерін детерминациялайды.
- **Маркс**: адамды жасайтын, оның еңбекке деген ынтасы, іс-әрекеті, ал қоғамдық болмыс адам санасын анықтайды дейді.
- **Маркс** бойынша: «Адам барлық қоғамдық қатынастардын жиынтығы».
- **К.Маркс**: «... жағдайлар адамдарды қалай жаратса, адамдар да жағдайларды солай жасайды» («Неміс идеологиясы»).
- **Энгельстің** пікірінше антропосоциогенезде шешуші рөлді еңбектену қызметі атқарған. **Адамды адам еткен еңбек.**

Басқа бағыттағылар:

- **Пьер Тейяр де Шарден**: адам «эволюцияның өзегі мен шыңы» болып табылады және «адамның кілтін табу, демек әлемнің қалай құрылғанын және ол қалайша ары қарай құрылуы тиіс екенін білуге ұмтылу деген сөз».
- Феноменология бойынша, - **Адам** – дүниелік; интенционалды, қайғы, уайымның сыртқы дүниеге бағытталуы. **Э.Гуссерль**.
- **Кассирер**: **Адам** – символдық (рәміздік) мәдениетті жасаушы. **Адам** табиғаты тілде, еңбекте, дінде.
- **Н.Бердяев**: «Философиялық антропология ешбір мағынада, ешбір дәрежеде ғылыми антропологияға тәуелді емес; өйткені **адам**-табиғаттық объект емес, асқан табиғи субъект. Философиялық антропология дегеніміз бүтіндей табиғат дүниесінің шеңберін жарып шыққан адамның өзіндік санасы».
- **Фейербах** пен **Чернышевский** өздерінің ілімінде адамды негізгі зерттеу мәселесіне айналдырды. **Адам сезімдік, денелік тіршілік иесі** және осының нәтижесі саналды. **Менің болуымның міндетті шарты - «сенің, басқалардың болуы»** – дейді **Фейербах**.

Өмір философиясында

- Өмір философиясы (**Дильтей, Ницше**) адам ерекшелігін бірде органикалыққа, биологиялыққа жақындайтын, бірде мәдени-тарихи мәнде түсіндірілетін өмір феноменінен көреді. Өмір философиясы алдыңғы орынға ақыл-ойдан тыс қабілеттерді қояды: **сезім, ерік, интуиция**. Көбіне санаға адам қылығының терең қайнар көзі болып саналатын бейсаналық қарсы қойылады. Адам мәдениеті, діннің шығуы қайнар көзін бейсаналықпен (санасыздықпен) байланыстырды, бұл жөнінде адам өз-өзіне толық жауап бере алмайды дейді.
- **«Өмір философиясы»** адам ерекшелігін өмір феноменінде қарастырады:
- а) органикалық, биологиялық нұсқасы – Ницше, Бергсон;
- ә) мәдени-тарихи нұсқасы – Дильтей, Шпенглер;
- б) ойлаудан тыс адам қабілеті, сезімдері – Гаман, Якоби;
- в) адам ерік иесі – Шопенгауэр;
- г) адам интуиция иесі – Баадер, Бергсон;
- д) адам бейсаналық құпиясы – Фрейд, Юнг.

Экзистенциализм

- **Экзистенциализм:** Адам – тіршілік, болмыс, уақыт, уайым, осы шақ, үрейді бастан кешіретін «өмір тұйығы» деп қарады.
- Экзистенциализм, ең біріншіден, индивидуалды адам өмір сүруінің шынайылығына мазасызданады. Ол еркіндікті табиғилықтан да, барлық тұлғасыз күштерден де іздейді. Алдыңғы **орынға сезім, бірақ жай ғана сезім емес, сезіну, алаңдау, мазасыздану** үдерісі шығады. Бір мезеттік сезімдер орнына ұзақ уақыттарға созылатын сезімдік көңіл-күй келеді.
- XX ғасырда экзистенциалист **Сартр** адам — еркіндік иесі және тұрақты түрде өз аясына болғандықтан **фактуальдылық пен трансцендентальдық бірлігі**, тек заттар ғана шектеулі, - деп түйді. Адам шектеулі емес.
- **А. Камю** адам өз маңдайына жазылған тағдырға мойынсұнбайды. Осыдан келіп метафизикалық бүлік туады деп пайымдады.

$$\Phi + \Theta\Phi = \Phi A$$

- Алдыңғы беттердегі слайд жалғасы:
- Гуссерль феноменологиясы тұлға тұйықтығын игеруге ұмтылады. Көңіл-күй әуел бастан сыртқы әлемге бағытталғандықтан, ол интенционалды деп есептеледі.
- Өмір философиясы мен Гуссерль феноменологиясында негізгі қаланған үрдістерді дамыта отырып, ХХ ғасырдың 30 – жылдары Германияда Шелер мен Плеснер жұмыстары арқасында адам проблематикасымен айналысатын ерекше философиялық пән – философиялық антропология қалыптасты.

Адам туралы ойлар қорытындысы:

Адам ғарыштан келген табиғат туындысы (космоцентризм)

Адам Құдайдың жаратқан пендесі (теоцентризм)

Адам қоғам дамуымен қалыптасқан жан (социоцентризм)

Адам эволюциялық бейімделумен жетілген түр (биоцентризм)

Адам туралы ойлар қорытындысы:

- **Адам** жаратылыстың, табиғаттың туындысы және әлеуметтік феномен.
- **Адам** ғарыштың бөлігі, әлемдік жанның бір бөлігі, кішкене ғарыш – микрокосм (ежелгі Үнді, Қытай, Грек философиясы)
- **Адам** – бұл мәңгі, абсолютті рух, атман. (Көне Үнді философиясы – йога, веданта)
- **Адам** – барлық заттардың өлшемі (көне Грек софистері – Протагор)
- **Адам** – Құдайдың бейнесі (орта ғасырлардағы христиандық теология)



Қорытынды

- Алдағы слайдтарда жоғарыда аталғандарды қысқартып түсінікті болу үшін қорытындылаймыз

АНТИКАДАҒЫ Адам туралы ойлар:

- **Сократ:** Адам - Ізгілікке ұмтылушы
- **Платон:** адам **өткінші денедегі мәңгілік жан**
- **Платон:** адам **дербес рухтың сақтаушысы.**
- **Аристотель:** Құлдар адам емес, олар «сөйлей алатын жануарлар» деді. **Құл иесі құлға қайырымды бола алмайды.**
- **Демокрит** адам – **табиғаттың бөлігі**
- **Демокрит** адам – **атом.** Адам **атомдардан тұрады.** Адамның **жаны** да атомдардан құралады.

Орта Ғасырдағы Адам туралы ойлар:

- Адам – Құдай бейнесі
- Адам дүниесі – ақыл, жүрек және ерік бірлігі.
- Адам құдай бекіткен әлемдік тәртіптің бөлігі
- Ортағасырлық **томизм** – адам қауымдастықта өмір сүріп, ақиқатқа ұмтылушы.

Орта Ғасырдағы Адам туралы ойлар:

- Аврелий Августин: адам- бір-біріне тәуелсіз жан мен тәннің қарама-қайшылығы.
- Фома Аквинский: Адам - дене мен жанның бірлігі. Хайуан мен періштенің аралығындағы нәрсе. Жан мәңгілік өлмейтін жақсылық сәулесі. Адам денесі - құмарлық пен ынтызарлықтың, жын-шайтанның ұясы.
- әл-Фараби: адам ерекше денесі, жан құмарлықтары, ой-парасаты секілді үш табиғи қасиеті бар бақытқа ұмтылушы мәдени хайуан.
- әл-Кинди: адам субстанция.

Ренессанс пен Жаңа Замандағы Адам туралы ойлар:

- **Адам** – автономды, дербес, бүтін, бітімді пенде.
- **Адам** өзін-өзі билеу еркі, мақсаты бар тіршілік иесі.
- **Адам сезімтал** дене иесі.
- **Адам «табиғат кереметі»**
- **Л. Альберти:** **Адам** өндіруші, жеңіске, бақытқа ұмтылушы.
- **Адам** Құдайдан да, басқадан да тәуелсіз, ол тапқыр да белсенді жасампаз тағдыр иесі, **өз өмірінің жасаушысы**, саналы субъектісі.
- **Адам** - ақыл-ойы бар тіршілік иесі.
- **Декарт:** **Адам** – ақыл иесі. **Адам** – ойшыл жан
- **Ж.О. Ла Метри:** Адам ағзасы **сағат тетігі** тәрізді дербес оталатын машина. «**Адам- машина**», «**Адам – өсімдік**»
- **Бенедикт Спиноза:** **адам** табиғаттың бір бөлігі

Иммануил Кант

- Иммануил Кант: Адам табиғат әлемі мен табиғи қажеттілікке тәуелді пенде
- Иммануил Кант: Адам еркіндік әлемі
- Иммануил Кант: Адам биологиялық тұрғыда – құбылыс, ал әдептілік (мораль) мағынада – «өзіндік зат».
- Иммануил Кант: Адам трансценденталдылық пен мінез-құлық, әдептілік еркіндігінің бірлігі
- Иммануил Кант: Адам сезімдік әлемнің құрамдас бөлігі
- Иммануил Кант: Адам руханилықтың тасымалдаушысы
- Иммануил Кант: Адам автономды және тәуелсіз бастау
- Иммануил Кант: Адам өзінің теориялық, практикалық әрекетінің қожайыны.

Гегель

- Гегель: Адам – жалпымәнділік рухты сақтаушы
- Гегель: Адам рухани әрекет субъектісі
- Гегель: Адам мәдениет дүниесін жасаушы
- Гегель: Адам ақыл-ойдың тасымалдаушысы
- Гегель: Адам – тарихи тіршілік иесі»

XIX ғасырдағы Адам туралы ойлар:

- Маркс: Адам барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы
- Энгельс: Адам еңбек нәтижесі.
- Пьер Тейяр де Шарден: адам «эволюцияның өзегі мен шыңы»
- Э.Гуссерль: Адам – дүниелік; интенционалды....
- Кассирер: Адам – символдық (рәміздік) мәдениетті жасаушы. Адам табиғаты тілде, еңбекте, дінде.
- Н.Бердяев: адам-табиғаттық объект емес, асқан табиғи субъект. Фейербах пен Чернышевский Адам сезімдік, денелік тіршілік иесі және осының нәтижесі.

XX ғасырдағы Адам туралы ойлар:

- Өмір философиясында: **адам сезім, ерік, интуиция иесі.**
- Экзистенциализмде: Адам – тіршілік, болмыс, уақыт, уайым, осы шақ, үрейді бастан кешіретін «**өмір тұйығы**».
- Сартр: адам — еркіндік иесі, **фактуальдылық пен трансцендентальдық бірлігі.**
- А. Камю: адам метафизикалық бүлікші

Адам туралы ойлар қорытындысы:

- Адам «өлетін құдай» (Аристотель)
- Адам адамға – Құдай (Фейербах)
- Адам адамға қасқыр (Гоббс)
- Адам – ақылы бар қоғамдық хайуан (Аристотель)
- Адам – мәдени хайуан (әл-Фараби)
- Адам – рационалды жануар (Линней)

Адам туралы ойлар қорытындысы:

- **Адам** – құрал жасай алатын жан (**Кьеркегор**)
- **Адам** – уәде беруге қабілетті жан (**Ницше**)
- **Адам** – субстанция (**Әл-Кинди**)
- **Адам** – өндіруші (**Л. Альберти**)
- **Адам** – ақыл иесі (**Декарт**)
- **Адам** – машина (**Ж.Ла Метри**)

Жалпы қорытынды

- **Адам** қоғамның қозғаушы күші.
- **Адам** барлық заттың өлшемі.
- **Адам** саналы тіршілік иесі.
- **Адам** тарихи тіршілік иесі.
- **Адам** мәңгілік өмірге ұмтылушы.
- **Адам** еңбекке икемделген өзгеше денесі мен келбеті бар жаратылыс.
- **Адам** санасы бар, ойлай, сөйлей алатын жаратылыс.
- **Адам** білімі, ақылы, діні, сенімі бар жаратылыс.
- **Адам** өзгеруші-өзгертуші жаратылыс.
- **Адам** арман-мақсаты бар жаратылыс.
- **Адам** өндіріс пен қоғам дамуының негізі.
- **Адам** құрал-сайман жасай алатын жаратылыс.

Адам мәні

- Сонымен адам: «саналы пенде», «саяси хайуан» (Аристотель), «мәдени хайуан» (әл-Фараби), еңбек құралын жасайтын хайуан (Франклин), «табиғат мұраты», «өмір тұйығы», «өмірдің жалған адамы», «өзіндік санаға ие пенде», «моральдік және еркін пенде» және т.б.
- Ф. Ницшенің пікірінше, «адам деградацияға ұшыраған хайуаннан шыққан».
- Қасиет туралы: «**Адамдық қасиет** оған тек туғанда берілген **ерекшеліктерімен** емес, оның өзі жасаған **құндылықтарымен** өлшенеді» деп жазды Гете.
- Маркс бойынша: «Адам мәні оның сақалы мен бойында емес, әлеуметтік орны мен атқаратын ісінде».

Дара адам

- **Дара адам** (индивид) – көптің бірі, жалпы адамзаттың нақты өкілі, дара. Көптің бірі болу үшін оған жалпы адамзатқа тиісті қасиеттер мен келбетке ие болса болғаны. Оның санасы жоғары ма, жоқ па, елмен сөйлесе ала ма, әлде сөйлесе алмай ма, бұлардың оған қажеті аз. Әлемде қанша миллиард адам бар, соның әрқайсысы – жеке-дара адам.
- **Ерекшелікті адам** (индивидуальность). Ол - өзіндік, тек соған тән дауысы, жүріс-тұрысы, білімі, бет пішіні, түр-сипаты, азаматтық қасиеті, т.б. бар адам. Ерекшелікті адам – сол қасиеттермен қайталанбас феномен. Ол дүниеге бір-ақ рет келеді, әркімнің орны бөлек.
- **Индивид** – адам тумысының жеке өкілі. Индивид – өзінің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне қарай қайталанбайтын қасиеттері бар нақты адам.
- Адам ерекше, бірегей, қайталанбас қасиеттеріне қатысты дара жаратылыс. Сондықтан «даралық» деген сөзге «жаркын», «қайталанбас» деген эпитеттер сәйкеседі.
- Жеке тұлға проблемасы **персонализм** ілімінде (персона – тұлға) зерттеледі.

Kісі

- **Kісі**, тұлға, жетілген кәмелетке жеткен адам. Жас нәресте де, бала да – адам. Олардың нақты ерекшеліктері бар. Бірақ олар кісі емес, кәмелетке жетпеген. Кісі деп ер жеткен, бұғанасы қатқан, ақылы толған, өз ісіне өзі жауап бере алатын адамды айтады. Ондай адамның **дүниеге көзқарасы бар**.
- Кісі дегеніміз – жаңа сапалы, индивидтің өзімен бірге іштен тумаған, белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасатын **әлеуметтік-психологиялық** және **моральдық** қасиеттер қосындыларының иесі, ақиқатты, болмысты тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз әрекет субъектісі.

Тұлға

- Өз мінез-құлқының себептерін айқын біліп, оны қатаң бақылауға алып, бірегей өмірлік мұраттарына бағындыра білетін индивид тұлға болып табылады. Тұлға – индивид дамуының қорытындысы, адам қасиеттерінің неғұрлым толық түрде іске асырылуы. Ал адам тұлғасының басты қасиеті – еркіндік. Тұлға үшін еркіндік иесі болу өмір сүрудің, дамудың ең қажетті де басты шарты. «Еркіндік – бұл танылған қажеттілік» (Гегель). Еркіндіксіз жауапкершілік те жоқ.
- Социализация – индивидтің белгілі әлеуметтік рөлдер мен мәдениеттің жүйелерін игеруі, өз-өзін іске асыру, яғни «Адам болу».

«Пенде»

- «Пенде» ұғымы – индивид ұғымына сай келеді. Пенде қатардағы тірі жан, көптің бірі болып «жарық дүниеде өмір сүруші». Пенде, пендешілік біздің сана-сезімізде жағымсыз мінездің, ұсақтылықтың синонимі болып қалыптасып кеткендіктен, оған бірден үйреніп кету оңай емес. Діни тұрғыда көп қолданылады. Күнәдан пәк адам болмайды, бәрі пенде т.б.

«Азамат»

- «Азамат» ұғымын пайдалана отырып, философия адамның тәрбие, өзіндік тәрбие, рухани-практикалық іс - әрекет нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік қасиеттерін түсіндіреді.
- Азамат негізінен адамның мемлекетпен, құқықпен байланысқа түскенінде көп қолданылады.